Қысқа мерзімді (сабақ) жоспары

Бөлім:	Бірінші дүниежүзілік соғыс: себептері мен салдары
Педагогтің Т.А.Ә.	Әлайдар Нұрлыбек Ерғалиұлы
Күні: 20.10.26	8 А
Сынып: 8 А	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Неліктен Ұлттар Лигасы Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемде бейбітшілікті сақтай алмады?
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	8.3.2.2 әлемнің саяси картасындағы өзгерістерді сипаттау арқылы империялардың (Австро - Венгрия, Ресей империясы, Осман империясы) ыдырау себептерін тұжырымдау
Сабақтың мақсаты	Париж конференциясының максатын талдау аркылы Ұлттар Лигасының қызметі мен Версаль-Вашингтон жүйесін тарихи бағалау
Құндылықтар	Тәуелсіздік және отаншылдық
Апта дәйексөзі:	Отанды сүю – отбасынан басталады!

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру Өткен білімді еске түсіру 7 минут Жаңа тақырыпқа қадам 3 минут	Ұйымдастыру шаралары (сәлемдесу, оқушыларды түгендеу, жағымды атмосфера қалыптастыру) Тапсырма 1. (Б/С): «Бірінші дүниежүзілік соғыс әлем картасын қалай өзгертеді» тақырыбындағы үй жұмысын ««Допты лақтыру»» әдісі арқылы жүреді. 1. Париж бейбіт конференциясы қай кезде болды? 2. Париж конференциясының негізгі мақсаты қандай? 3. Париж конференциясының нәтижесінде әлем картасында қандай мемлекеттер пайда болды? 4. Германияның аумақтық өзгерістерін картадан көрсетіңдер. 5. Версаль келісімшартының әскери баптарына баға беріңдер. 6. Версаль-Вашингтон халықаралық қатынастар жүйесінің қандай тұстары мықты және осал болғандығын талқылаңыз	Оқушылар өз ойларын ортаға салады. Оқушылар жауаптары арқылы жаңа тақырыпқа көшу Оқушылар өз болжамдарын айтып, талқылау жүргізеді	ҚБ «Мадақтау сэндвичі»	Тақырыптық суреттер
Сабақтың ортасы Жаңа білім 5 минут	**Мәтінмен жұмыс** «Өкіл» әдісі мәтінмен жұмыс Париж конференциясының Ұлттар Лигасының қызметімен және Версаль-Вашингтон жүйесімен танысады. Тапсырмаларды орындап болғаннан кейін «елші» болып сайланады да постерге	Оқушылар ақпараттық мәтінмен жұмыс жасайды **Дискриптор:** 1. Париж конференциясының максаты мен	**ҚБ** Мұғалім оқушылар жауабын мұқият	Ақпараттық мәтін Үлестірмелі қағаздар

10 минут 5 минут 10 минут	жазып, сипаттап, баяндайды. Ұлттар лигасының қызметіне тарихи баға береді. Версаль –Вашингтон жүйесінің осалдығын анықтайды Қ.Б Топтық бағалау **ЕБҚ** оқушылар негізгі термин сөздерді мәтіннен анықтайды; 2 Тапсырма «Картамен жұмыс» Версаль –Вашингтон жүйесі Еуропа картасын қалай өзгерткендігін анықтап, картадан Еуропада пайда болған мемлекеттерді анықта. **ЕБҚ:** оқушыға тапсырманың нақты бір бөлігін ерекшелеп көрсетіп беріледі. **«10 факт» стратегиясы** Неліктен Ұлттар Лигасы Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемде бейбітшілікті сақтай алмады? **ЕБҚ:** оқушыға жеке жұмыс кезінде қасындағы сыныптастары және мұғалім диалог арқылы қолдау жасайды	міндетін анықтайды 2. Версаль – Вашингтон жүйесін құрудағы мақсатын талдайды **Дескрипторы** -Бітім шарт бойынша Германия қандай аумақтары нан айырғанын картадан көрсетеді. --Еуропада пайда болған мемлекеттерді картадан көрсетеді 3. Еуропа шекарасын анықтап, картадан көрсетеді.	тыңдап кері байланыс беріп отырады **ҚБ** *«Өзін-өзі бағалау»*	Суреттер Тірек-сызбалар Кесте Карта ҚБ парағы
Сабақтың соңы 5 минут	Кері байланыс Үш пікір»әдісімен кері байланыс жасаймын. Оқушылар шеңберге тұрып, төмендегі сұрақтарға жауап береді. Сабақ барысында көңіл-күйіңіз қандай болды? Неліктен? Бүгін не білдіңіз? Сіз үшін не жаңалық болды? Сабақта қандай қиындықтар туындады?	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалай критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	А4, конспект
Үй тапсырмасы	Неліктен Ұлттар Лигасы Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемде бейбітшілікті сақтай алмады?			